

"Өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 384 бүйріғына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 503 бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 шілдеде № 14048 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 308 бүйріғымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.04.2023 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫГРАМЫН**:

1. "Өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 384 бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12197 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бүйріқпен бекітілген Өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. осы Қағидалардың қолданысы егер баратын елге немесе жөнелтуші елге Қазақстан Республикасының, халықаралық ұйымдардың және оларға қатысты Қазақстан Республикасы осы салада оларды сақтау жөніндегі міндеттемелер қабылдаған жекелеген мемлекеттердің санкциялары салынған жағдайларда қолданылмайды және өнімнің транзитіне рұқсат берілмейді.";

4-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) 1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат – қауіпті жүктердің транзиттік тасымалын автомобиль көлігімен жүзеге асырған кезде.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Уәкілді органдың рұқсат беруден мынадай:

1) өтініш берушінің рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған;

2) өтініш берушінің және (немесе) рұқсат беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

3) уәкілетті мемлекеттік органның рұқсат беру үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) өтініш берушіге қатысты оның қызметіне немесе рұқсатты алушы талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы сottың занды қүшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) өтініш берушіге қатысты соттың занды қүшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде өтініш берушінің мемлекеттік рұқсат алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы жағдайларда бас тартылады".

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.К. Ержанов):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде құнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әдіlet" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

2016 жылғы 24 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндеттін атқарушы

Е. Нысанбаев

2016 жылғы 22 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

2016 жылғы 25 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

И. Тасмагамбетов

2016 жылғы 30 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

К. Бишімбаев

2016 жылғы 30 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрінің

міндеттін атқарушы

М. Мырзагалиев

2016 жылғы 23 маусым